

Жартылай алмалы
пластиналы протез

Жоспары

- Жартылай алмалы пластиналы протезге анықтама;
- Қолдану көрсеткіштері;
- Қарсы көрсеткіштері;
- ЖАПП бөліктері;
- Клиника лабораториялық кезеңдері;
- ЖАПП бөліктеріне қойылатын талаптар;
- Тіс қатары ақауына байланысты кламмер таңдау;
- ЖАПП кезіндегі қателіктер.

Жартылай алмалы пластиналы протезге анықтама:

- Тіс қатарының кетігі кезінде тіс қатарының бүтіндігін қалпына келтіру мақсатында қолданылатын протез. Шайнау қызметін 25-30 % қалпына келтіреді.

Қолдану көрсеткіштері:

- Кеннедидің I, II, III, IV класс тіс қатары кетігінде ;
- Гавриловтың IV класс тіс қатарының кетігінде;


ЖААП бөліктері:

- Негізі;
- Тіректі элементтер;
- Жасанды тістер.



Негізі

- ЖАПП негізі деп жасанды тістер орналасатын, протезді ауыз қуысында ұстап тұратын пластмассадан немесе металдан жасалған бөлігі. Ол төменгі жақта адьюеолярлы өсіндіде, жоғарғы жақта сонымен қатар таңдайда орналасады. Жасанды тістер арқылы түскен шайнау қысымы негізі арқылы шырышты қабатқа беріледі.



- Негіздің көлемі сақталған тістерге, альвеолярлы өсіндінің атрофиясына, шырышты қабаттың батымдылығына т. б байланысты. Жоғарғы альвеолярлы өсінді, айқын таңдай торусы протездің бекінуіне жағдай жасап, протездің негізін кішірейтуге мүмкіндік береді.

Протез негізінің шекаралары

- Жоғарғы және төменгі жақта тіссіз альвеолярлы өсіндіде ерін, ұрт жағынан өтпелі қатпар бойымен ,шырышты қабаттың қозғалмалы аймағын, үзеңгілерді айнала өтеді. Қатты таңдайда А сызығына жетпейді. Протез жоғарғы жақ төмпешігін жауып жатуы тиіс. Бұл протездің ауыз қуысында бекінуін жақсартады. Сақталған тістер аймағында алдыңғы топ тістерінде $1\frac{1}{3}$ бөлігін , бүйір тістердің $3\frac{1}{2}$ бөлігін жауып жатуы тиіс.

- Төменгі жақта тіл жағынан тістер сақталған және жоқ бөлігінде өтпелі қатпар бойымен тіл үзеңгісін айналып өтеді. Сақталған тістер аймағында сауыттың $3\frac{1}{2}$ бөлігін жауып жатуы тиіс.



Жасанды тістер

- Жасанды тістерге қойылатын талаптар:
- Тітіркендірмейтін және зиянды әсер көрсетпейтін материалдан дайындалуы тиіс;
- Дұрыс анатомиялық формалы, табиғи тістердің түсіне сай болуы керек;
- Қажалуы төмен ,шайнау қысымынан өзгеріске ұшырамауы тиіс;

ЖАПП бекітілуі

- ЖАПП бекітілуінде адгезия (протез және шырышты қабық арасындағы сұйықтық көмегімен байланысы), анатомиялық ретенция, жасанды механикалық (кламмер, пелот) бекінуге жүгінеді.

Анатомиялық ретенция

- Жоғарғы және төменгі жақта табиғи түзілістер арқылы жүзеге асырылады. Олар өзінің формасы мен орналасқан орнымен сөйлеу, шайнау кезінде протездің қозғалуын шектейді.
- Мысалы: тістердің сақталуы, биік альвеолярлы өсінді, жоғарғы жақ төмпешігі т.б.

ЖАПП механикалық бекіту әдісі (кламмер)

- Кламмер ауыз қуысында протездің тұрақталуы мен бекітілуін қамтамасыз етіп, тірек тіске мүмкіндігінше аз зиян келтіруі тиіс;
- **Кламмер**- қызылиектің рельефін қайталай отырып, экватормен қызылиектің арасындағы көпнүктелі түйісу.

Қламмердің құрылысы

- Иығы
- Денесі
- Өсіндісі

- Иығы-қызылиек рельефін қайталап, тістің апроксимальды экватор бөлігіне дейін өтеді. Иығы серпімді , тіске максимальды нүктелі жанасу қажет.
- Экватордың апроксимальды бөлігінен денесі басталады. Ол кесу қырына жетпей 180 градус жасап, кесу қырына жетпей бірінші иілім жасайды. Альвеолярлы өсіндінің шырышты қабатына 1,0-1,5 мм жетпей, 2 иілім жасалады. Денесі мықты, берік болуы тиіс. Денесі жартылай негіздің қалыңдығында жатады.

Артықшылығы :

- Гигиена сақтауға қолайлы;
- Тістер егелмейді.

Клинико-лабораториялық кезеңдері: